ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қыркүйек №5265-23-00-2/2124 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Жетісу тігін фабрикасы «Айсулу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы –қанағаттандырылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсулу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсулу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 20 804 (жиырма мың сегіз жүз төрт) теңге тұрақсыздық төлемі, 2 349 (екі мың үш жүз қырық тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 02.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 02.11.2023
5265-23-3-1/2362

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья Д.М.Конысбаева

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 02.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 02.11.2023

5265-23-3-1/2362